



Азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 сәуірдегі N 666 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 12 сәуірде N 10-7-95 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы N 1027 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2011.03.28 N 1027 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 31 бабының 1-тармағына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" заңының 19 бабының 3-тармағына және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" N 623 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық шақыру комиссиясы құрылсын және оның құрамы N 1 қосымшаға сай, ал комиссияның қосалқы құрамы N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін. Оның жұмысын үйлестіру және азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесін дайындау аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен (келісімі бойынша) сұралсын.

2. Жаңақорған, Шалхия кенттері мен барлық ауылдық округ әкімдері 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді

ұйымдастырсын.

3. "Жаңақорған аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынына (келісімі бойынша) шақыру комиссиясының жиын пунктiнiң жанынан аудандық медициналық комиссиясын құру сұралсын.

4. "Жаңақорған аудандық бiлiм бөлiмi" мемлекеттiк мекемесiне аудандық шақыру комиссиясына техникалық көмек көрсететiн мекемелер мен қызметкерлердiң тiзiмiн бекiту және олардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. "Жаңақорған аудандық iшкi iстер бөлiмi" мемлекеттiк мекемесiне (келiсiмi бойынша), Жаңақорған станциясының желiлiк полиция пунктiне (келiсiмi бойынша) шақыру комиссиясының жиын пунктiнде қоғамдық тәрiптi қамтамасыз ету және шақырылғандардың жүру маршруттарында қоғамдық тәрiптi сақтау мақсатында жол полициясы инспекторларын, патрульдiк автокөлiктердiң және полиция нарядтарының қажеттi санын бөлу ұсынылсын.

6. "Қызылорда электр тарату торабы компаниясы" акционерлiк қоғамының Жаңақорған аудандық электр торабы мекемесiнен (келiсiмi бойынша) шақыру кезеңiнде электр жарығының үздiксiз берiлiп тұруын қамтамасыз етуге ықпал жасау сұралсын.

7. "Жаңақорған аудандық мәдениет және тiлдердi дамыту бөлiмi" мемлекеттiк мекемесiне әскери қызметке шақырылғандарды салтанатты жағдайда шығарып салу күндерiнде әскерге шақырылған жастар алдында концерттер, жиын пунктiнде әскери-патриоттық тақырыптардағы көркем суреттi және деректi фильмдердi көрсетудi ұйымдастырсын.

8. "Жаңақорған кентi әкiмiнiң аппараты" мемлекеттiк мекемесiне аудандық қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiмiнiң жанындағы аудандық жиын пунктiне жұмыссыз ретiнде тiркелгендерден қоғамдық жұмыс iстеуге өз ерiктерiмен келiскен бiрнеше адамды бөлсiн.

9. "Аудандық қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiмi" мемлекеттiк мекемесiнен, "Жаңақорған аудандық емханасы" мемлекеттiк коммуналдық қазыналық кәсiпорынынан, "Жаңақорған аудандық iшкi iстер бөлiмi" мемлекеттiк мекемесiнен және Жаңақорған станциясының желiлiк полиция пунктiнен (келiсiмдерi бойынша) осы қаулыны орындау бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты 2010 жылдың 10 шiлдесiне және 2011 жылдың 15 қаңтарына аудан әкiмiне беру ұсынылсын.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкiмiнiң орынбасары Б.Ибрагимовке жүктелсiн.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Жаңақорған ауданының әкiмi

Б.Еламанов

" К Е Л І С І Л Д І "

Аудандық емхананың бас дәрігері,
ОДСБ аудандағы өкілі
Ысқақов Сәулебек Есқожаұлы

_____ "05" сәуір 2010 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының,
міндетін атқарушы
Жүсіпов Сейтнәби Қалқозұлы

_____ "05" сәуір 2010 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі,
бөлім бастығы
Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы

_____ "05" сәуір 2010 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда электр тарату торабы
компаниясы" АҚ-ның Жаңақорған
аудандық электр торабы мекемесінен бастығы
Ибраев Ғалым Әшімұлы

_____ "05" сәуір 2010 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

Жаңақорған станциясының желілік
полиция пунктiнiң бастығы
Аблаев Ғалымжан Ауелбекович

_____ "05" сәуір 2010 жыл

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы
05 сәуірдегі N 666

қаулысына N 1 қосымша

**Аудандық шақыру комиссиясының
ҚҰРАМЫ**

Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы (келісімі бойынша),

Ысқақов Батырбек Есқожаұлы - аудан әкімі аппаратының бас инспекторы, комиссия төрағасының орынбасары.

комиссия мүшелері:

Жақсыбеков Ерзақ Өмірзақұлы - аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісімі бойынша),
Абдусаметов Жақсылық - аудандық емхананың бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссия төрағасы, (келісімі бойынша),
Раева Эльмира - аудандық емхананың медбикесі, комиссия хатшысы (келісімі бойынша).

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы
05 сәуірдегі N 666
қаулысына N 2 қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының қосалқы ҚҰРАМЫ

Бердібеков Нұрдәулет Кенжебайұлы - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, комиссия төрағасы (келісім бойынша),
Оспанов Нұрғали Алайдарұлы - аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары.

комиссия мүшелері:

Құлгасов Қалжан Сәулебайұлы - аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша),
Жүнісов Ришат Сайпуллаұлы - аудандық емхананың бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссия төрағасы (келісім бойынша),
Зейдалиева Қаркөз - аудандық емхананың медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).